

"Түгендеу карточкасының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 484 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 5 қазандағы № 1024 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қазанда № 30064 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

"Түгендеу карточкасының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 484 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12173 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

түгендеу карточкасының нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі*

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрінің
2022 жылғы 5 қазандағы
№ 1024 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің

2015 жылғы "15" қыркүйектегі

№ 484 бұйрығымен

бекітілген

Нысан

20 ____ жылғы " ____ " _____ мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі

бойынша есепке алуға қабылданған және _____ берілген мүліктің

(заңды тұлғаның толық атауы/ жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), беру уақыты)

№ ____ түгендеу карточкасы

Заңды/жеке тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Заңды/жеке тұлғаның мекенжайы, телефоны _____

Заңды/жеке тұлғаның банктік деректемелері _____

Мүліктің атауы, оның сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Күні		Операцияның атауы, құжаттардың нөмірі және күні	Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі бойынша мүліктің саны	Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі бойынша мүліктің құны, теңге	Бағалаудан кейінгі құны, теңге
		Операцияны жазу	Операцияны жасау				
1	2	3	4	5	6	7	8

кестесінің жалғасы

Сатылған мүлік		Республикалық немесе коммуналдық мүліктің құрамына берілген мүлік			Балалар үйіне, қарттар және мүгедектігі бар адамдар үйлеріне, балабақшаларға, мектептерге, медициналық-әлеуметтік мекемелерге не арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге өтеусіз берілген мүлік		Жойылған мүлік		Сот мүліктің мемлекет меншігіне түсуіне негіз болған актінің күшін жойғанға (тиісті бөлігін өзгерткенге) байланысты қайтарылған мүлік	
Саны	Мүлікті сатудан бюджетке	Саны	Мүліктің құны, теңге	Саны	Мүліктің құны, теңге	Саны	Мүліктің құны (мәлеметт	Саны (мүлікті заттай	Мүліктің құны немесе өткізуден алынған каражат	

	аударған сомасы, теңге						ер бар болса), теңге	қайтарға н кезде)	сомасы, теңге
9	10	11	12	13	14	15	16	17	18

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК